АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ҚЫЗЫЛҚОҒА АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТЫ
СЕССИЯСЫНЫҢ

ШЕШІМІ

РЕШЕНИЕ

СЕССИИ
КЫЗЫЛКОГИНСКОГО
РАЙОННОГО МАСЛИХАТА
АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТЬ

20 22 жылғы " 14 " Қазан № 23-1 " 14 " октября 20 22 года
Миялы ауылы село Миялы

Қызылқоға аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы №12-2 «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылқоға аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қызылқоға аудандық мәслихатының «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» 2021 жылғы 27 желтоқсандағы №12-2 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №162878 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 10 893 048 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1 680 299 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 25 016 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 31 455 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 9 156 278 мың теңге;

2) шығындар – 11 344 576 мың теңге;

3) таза бюджеттік несиелендіру – 20 088 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік несиелер – 45 945 мың теңге;

бюджеттік несиелерді өтеу – 25 857 теңге.

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 471 616 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 471 616 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 45 945 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 25 857 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 451 528 теңге.»

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысы **А.Аққайнанов**